



AVRASYA Uluslararası Araştırmalar Dergisi Cilt:5 •Sayı:11•Temmuz 2017•Türkiye

ӘНШІ-АҚЫНДАР – САЛ-СЕРІЛІК ДӘСТҮРДІҢ ЖАЛҒАСЫ

Doç.Dr. Gaziz YEŞTANAYEV*

Doç.Dr.Kanagat ALTAYBEKOVA*

АННОТАЦИЯ

Мақалада Арқа өңірінде ерекше қарқынмен дамыған, өзіндік мектеп қалыптастырған әнші-ақындар шығармашылығының ерекшеліктері сөз болады. Авторлар қазақ даласындағы сал-серілік өнердің сипаттарына да тоқтала отырып, олардың заңды жалғасы сияқты көрінетін әнші-ақындар тобын өзге өнер ортасынан айырықшалап тұратын белгілеріне тоқталған. Әнші-ақындардың қазақ ұлттық өнерін өрістетудегі, әсіресе музыка мен сөз өнерінің XIX ғасырда айырықша дамуындағы атқарған қызметі зор болды. Қазақ даласының әр аймағында қалыптасқан осындай мектептің бірі – Арқадағы әнші-ақындар мектебі.

Әйгілі Біржан сал дәстүрінен түлеп ұшқан Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Құлтума, Ғазиз, Иманжүсіп, Кемпірбай, Шашубай, Тайжан, Ағашаяқ сынды өнер тарландарының шығармаларындағы тақырып өрісі, атап айтқанда, әнші-ақындардың шығармаларындағы әлеуметтік мәселелердің қозғалуы, олардың қоғамдық ортаға деген сыншылдық көзқарасы, әділетсіздік атаулыға деген қарсылық таныту көзқарастарының туу себептері сөз етіледі. XIX ғасырдағы қазақ даласында болып жатқан оқиғалар, яғни ең даланы еркін иемдене бастаған отарлаушылар әрекеті, отар елге айналып бара жатқан қазақ елінің тағдыры, елдің сол уақыттағы хал-күйі әнші-ақындардың бәрін де бейжай қалдырмады. Осындай тарихи оқиғалар қозғалысына үн қатқандардың бірі әнші-ақындар тобы екені дәлелді мысалдармен, бұған дейін айтылған ғылыми пікірлермен орайлас сөз болады.

Кілт сөздер: қазақ сөз өнері, әнші-ақындар, сал-серілік дәстүр, әлеуметтік теңсіздік, ғашықтық ғаламаты

SAL-SERİLİK GELENEĞİNİN HALEFİ OLARAK ŞAİR OZANLAR

ÖZ

Makalede Kazakistan'ın Arka (kuzey ve orta) bölgesinde büyük bir hızla gelişmiş, kendine has bir ekol oluşturan şair ozanların sergiledikleri eserlerinin özellikleri konu edilmiştir. Kazak bozkırındaki sal-serilik geleneğinin özellikleri üzerinde de durularak bu yorumculuk sanatının doğal bir uzantısı mahiyetindeki şair ozanlar ekolünü diğer sanat camiasından ayıran meziyetleri vurgulanmıştır. Şair ozanların Kazak milli sanatının yaygınlaşmasında, özellikle de XIX.yy'da Kazak müzik ve söz sanatlarının olağanüstü gelişmesindeki rolü büyüktür. Geniş bozkırın her bölgesinde oluşan Kazak sözlü geleneğinin temsilcilerinden biri de Arka yöresindeki şair ozanlar ekolüdür.

Meşhur Birjan Sal ekolü mensuplarından Jayav Musa, Basıkaranın Kanapiyası, Kultuvma, Gaziz, İmanjüsip, Kempirbay, Şaşuvbay, Tayjan, Ağaşayak gibi geleneksel yorumculuk sanatı duayenlerinin eserlerine konu olan sosyal problemlerin, şair ozanların topluma olan eleştirici bakışlarının ve adaletsizliğe karşı tutumlarının ortaya çıkış nedenleri tartışılmıştır. XIX.yy.'da Kazak topraklarında olup bitenler, daha doğrusu engin toprakları

* Jezkazgan Üniversitesi, Kazak Dili ve Edebiyatı Bölümü, gaziz.13@mail.ru

* Jezkazgan Üniversitesi, Kazak Dili ve Edebiyatı Bölümü, kanagat@mail.ru

rahatça sahiplenmeye başlayan sömürgecilerin davranışları, sömürgeye dönen Kazak halkının durumu ve kaderi, şair ozanların hiç birinin dikkatinden kaçmamıştır. Çalışmada tarihî olaylar silsilesine eserlerinde yer verenlerin birinin de şair ozanlar ekolü olduğu örneklerle dikkate sunulmuştur.

Anahtar Kelimeler: Kazak sözlü geleneği, şair ozanlar, sal-serilik geleneği, sosyal adaletsizlik, aşk duygusu

Сал- серілердің кімдер екені түсінікті, ал осы дәстүрдің бастау алар мезгілі қай тұс? Осы жайлы бірер сөз айта кетелік. Ә.Марғұлан сал-серіліктің белгілерін оғыз дәуірінен іздейді. Е.Ысмайылов сал-сері сөздерінің түпкі мағынасын саралай келіп: «...Сал-серілік дәстүр қазақтың ертеректегі әдет-ғұрпында, тіршілігінде болып, искусство, поэзиялық дүниесінде бертінде қалыптаспады ма?»- деген ой ұштығын шығарады (Ысмайлов 1956: 340).

Аталмыш дәстүрдің шығу тегі жөнінде нақты тарихи фактілерге негізделіп жазылған, түрлі ғылыми пікірлер тоғысынан өзекті ойды екшелеп алып, дәлелді, тұжырымды ой түйетін еңбектің бірі - Е.Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» деген еңбегі. Ғалым бұл еңбегінде әлеуметтік алғашқы топтардың қалыптасу сатысындағы әскери әруақтар культі, ырым құпия одақтар, магиялық күрес жайлы пікірлерді көлденең тартып, таптық қоғамның құрылуымен қатар жүріп жатқан құпия одақтардың әлсіреп, ыдырау процесі жөнінде айта келіп: «Сал типінің пайда болу тарихы құпия одақтардың ыдырау процесімен байланысты болса керек. Салдарды ыдырай бастаған ырым құпия одақтардан өрбіген актерлермен жақындастыратын жайттар өте көп», - дей келе (Тұрсынов 1976: 200) ареоилер мен қазақ салдарының арасындағы алты түрлі жақындықты ашып көрсетеді. Сөйтіп зерттеуші сал типінің арғы төркінін әлеуметтік алғашқы топтардың қалыптасу кезеңінде пайда болған, таптық қоғам кезіндегі жартылай әскери, жартылай әртістік, актерлік ұйым бола бастаған ырым құпия одақтардың тарихынан іздейді. Ендеше, салдар тарихы біз межелеген дәуірден тым әріде жатыр екен.

Қоғамда дамымайтын, түр мен мазмұн жағынан өзгермейтін құбылыс жоқ. Бұл арада сал-серілер дәстүрін сөз ете отырып Е.Тұрсыновтың: «...Серілерді сал типінің эволюциясы нәтижесінде пайда болған жаңа түрі деп есептеуімізге әбден болатын сияқты», - деген пікіріне (Тұрсынов 1976: 200) табан тірегеніміз дұрыс. Ыдырай бастаған құпия қоғам мүшелері актерлік әрекеттерге барар тұсында, дәлірек айтсақ, ел аралап жүрген кезінде салдардың соңында жүретін нөкерлердің болуы иланатын жайт. Демек, ол нөкерлердің алдыңғы буын салдардың дәстүрін жалғап, жаңаша сипаттармен өрнектеп, дамытып, мазмұн және түр жағынан кемелдендіріп отыратындықтары заңды құбылыс. Серілер-осылар.

Сал, сері, әнші-ақындар шығармашылығы қазақ әдебиеті мен өнері тарихындағы айрықша назар аударуды қажет ететін құбылыс. Сонымен, салдарың жалғасы – серілер дедік, ал осы көнеден тамыр тартқан дәстүрдің

кейініректегі жалғасы кімдер болмақ? Әнші-ақындар жайлы ғылыми түйіндеулеріміз - осы сауалға жауап іздеуден туған тұжырымдар.

Әнші ақындар тобының мейлінше шоғырлана көрінетін кезеңі - XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Әрі бұл өнерпаздар тобы Қазақстанның әр аймағында өзіндік ерекшеліктерімен байқалатын мектеп болып қалыптасқаны белгілі.

Өткен ғасырда салдық, серілік құрған өнерпаздардың мынандай-мынандай айтулы шоғырлары бар. Мәселен: «Ашаның алты салы», «Жетісудың жеті салы», «Адайдың жеті қайқысы». Ал «Арқаның он бір салы» деген атау осынау сал-серілік дәстүр өкілдерінің Арқа жерінде молырақ болғанын аңғартады.

«Үш жүзге аты мәлім болған Біржан, Ақан, Балуан Шолақ – қазақ даласындағы салдықтың, әншіліктің тамаша үлгілері болып табылады» (Қазақ әдебиетінің тарихы 1960: 138). Осы әнші-ақындар мектебінің басында Біржан тұрғаны сөзсіз. Ол Сарыарқада өзінен бұрынырақ өмір сүріп, өнер қуған Толыбай, Өздембай, Шәрке сияқты салдардан тәлім алып, Көкшетау, Ақмола, Қызылжар, Баянауыл, Атбасар, Қарқаралы дуанына қарасты қазақ ауылдарын аралап, ән айтып, өнерін танытып, бұрнағы дәстүрді жандандыра түседі. Сөйте жүріп, Біржан ақын өз төңірегіне өнерпаздарды топтастырып, сауықшыл орта қалыптастыра білді. Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Құлтума, Ғазиз, Иманжүсіп, Кемпірбай, Сабырбай, Шашубай, Тайжан, Ағашаяқ сынды өнер тарландары Біржан мектебінен өсіп шыққан өнерпаздар еді. Айта кету керек, осынау әншілік ортаға тән сипат богемалық сарын екендігі туралы пікірлер бар. Алайда, сал-серілердің эволюциялық жалғасы деп танылып отырған әнші-ақындардың, анығырақ айтсақ, Біржан және оның замандастары мен ізін басқан шәкірттерінің поэзиясын махаббат қызықтарын, жастық дәурен тамашаларын, қызық-қуаныш, той-думан, шаттыққа толы ортаны ғана жырлау еді деп шеңгелдеп тастау орынсыз болар еді.

Рас, «Біржан лирикаларында ғашықтық, сүйіспеншілік сарындар елеулі орын алады. «Ақтентек», «Көкек», «Алтын балдақ», «Айтпай», «Жайма шуақ», «Ғашық жар», «Мәті-Дәулен», «Бірлән» т.б. өлеңдерінде жастық, махаббат, достық сезім күйлерін шертеді» (Ысмайылов 1968: 101).

Болғанда кешке жақын апақ-сапақ,

Алдымнан шықты сәулем апақ-шапақ.

Кигені қара камшат оқалаған,

Басында бір шоқ үкі бұлғақтаған.

(Біржан «Алтын балдақ»)

Осындай тіршіліктің салтанатты тұстарын, сүйіспеншілік машақаттарын жырлау Ақан, Балуан Шолақ, Естай, Жарылғапберлі, Жаяу Мұса, Иманжүсіп, Қанапия, Құлтума, Мұстафа Бүркітбайұлы, Мұстафа Сегізұлы, Нияз сері

Бекдәулетұлы, Сегіз сері Баһрамұлы т.с.с. әнші-ақындардың шығармаларына да тән.

Осы тұста назар аударатын төмендегідей мәселелер бар. Біріншіден, салдар мен серілер дәстүріндегі әнші-ақындар шығармаларында махаббат, жастық шақ қызықтарының күшті болуының әлеуметтік себептері бар ма? Бар болса, оны қалай түсіндіруге болады?

Екіншіден, ғалым С.Қасқабасовтың:

«Поэты-песенники рассматривали искусство не как развлечение и средство существования, а как орудие и способ проявления протеста против существующих в тогдашнем казахском обществе отживших патриорхальных и религиозных устоев, против обывательского, житейски-практического и пренебрежительного отношения к искусству», -

деген пікірінің (Қасқабасов 1992: 28) өзегінде сал-серілер және оның заңды жалғасы – әнші-ақындардың тұлғасын қызық қуған сауықшылдар деген деңгейден анағұрлым биіктете түсу көзқарасының жатқанын аңғару қиын емес. Сондай-ақ мына бір: «Бұл ақындар (сал-серілер туралы айтылып отыр) жеке кісінің көңіл, сезім күйлерін көрсетумен бірге сыншыл, әлеуметтік поэзияның да шеберлері», - деген пікір де жоғарыдағы көзқараспен орайлас екені көрініп тұр (Қазақ әдебиетінің тарихы 1960: 138). Демек, әнші-ақындар шығармаларынан олардың қоғамдық құрылысқа, әлеуметтік ортаға деген қарым-қатынасын, көзқарасын іздеуіміз керек сияқты.

Шындығында, той-думан, ойын-сауық ортасында болып, ғашықтық ғаламаттар мен жастық дәурен тамашаларын ән-жырына қосқан осынау өнерпаздардың біз сөз етіп отырған ХІХ ғасырдағы өкілдері осы кезеңдегі Дулат, Мұрат, Шортанбай, Махамбеттер мен Абай сынды тұлғаларды толғандырған тарихи-әлеуметтік жағдаяттардан жырақ болуы мүмкін бе? Ал жоғарыда аты аталған «ой батырларын» арпалысқа салған әлеуметтік ахуал әнші-ақындарды толғандырмаған болса, онда олардың өнерпаздығының да, өнерінің әлеуметтік, эстетикалық мәнінің де бағалылығы биіктемесе керек-ті.

«Во всякий момент, когда человек уже может осознать себя, он существует в качестве продукта социальных отношении. Общество не просто окружает индивида, но и живет «внутри него», - деген таным қағидасына (Введение в философию 1989: 552) сүйенсек, қоғамда болып жатқан сан салалы өзгерістер мен оқиғалардан тыс, бейтарап қалатын адам баласы болмайды. Ендеше сол қоғам мүшесі өз ортасына тиісінше көзқарасын білдіреді. Ол не қарсылық көрсету, не құптау түрінде болады.

«Әр адамның, әр ақынның өрісі, бірінші – заманға, екінші – туып-өскен әлеуметіне, үшінші – нәсіліне (тұқымына) байлаулы», - деген пікір (Аймауытов 1989: 402) негізінде де осы ой түйіні жатыр.

ХІХ ғасырдағы қазақ даласында болып жатқан оқиғалар, яғни ен даланы еркін иемдене бастаған отарлаушылар әрекеті, отар елге айналып бара жатқан қазақ елінің тағдыры, елдің сол уақыттағы хал-күйі ойлы тұлғалардың бәрін де бейжай қалдырмады. Сол тұлғалардың бірі – сал-серілер деп атап жүрген әнші-

ақындар. Алайда, мына бір жайтқа назар аударуымыз керек. Төңкерісшіл рухтағы Махамбет, ғажайып күндерді өткен күндер қойнауынан іздейтін Дулат, Мұрат, дін жолын шырақ етіп ұстаған Шортанбай әрекеттері баянсыз болып жатқан тұста, әнші- ақындар деп айдар тағылған өнерпаздар қандай қарекет жасауға тиіс еді?

«Ақын тұрмысқа, өмірге қанағат етпесе, оның алданышы не болмақ? Не үшін жасамақ? Әрине, адамда аз да болса бір үміт, бір таяныш болу керек. ...Өзгермейтін, алдамайтын таза қасиетті не нәрсе? Ол – табиғат. Табиғат, махаббат, көркемдік – міне, қашаннан бері ақындардың жырлап келе жатқан, бас иген құдайы, жабыққан жанына ем болған даруы», -

дейді Ж.Аймауытов Мағжан ақындығының сыры жайында (Аймауытов 1989: 402). Ендеше әнші-ақындар шығармаларына тән ғашықтық мотивтің себебі де белгілі болды.

Әнші-ақындар махаббат, жастық шақ, табиғат сұлулығын өзге мәселелерден ерекше, асқақтата жырлады. Идеал тұтты, көңілге алданыш етті, медеу тұтты. Осы идеалын аса құрметті санаған олар өздерін де асқақ ұстады.

Есімнен еш кетпейді Ғайни атың,

Өртеген жүрегімді перизатым.

Бұлақтай көгал құған таудан құлап,

Бересің кімге арнап бал ләззатын?

(Сегіз сері «Ғайни»)

Қарақат көзді ақ білек,

Айтайын бір сөз үлгілеп.

Қайғың алды-ау денемді,

Жүректің басын тілгілеп.

(Үкілі Ыбырай «Ал, гөк»)

Алып келген базардан білте шам-ай,

Бидай өңді аққұба құдашам-ай.

Сірә, менің көңілім басыла ма

Сақиналы қолыңнан ет асамай?

(Нияз сері «Жариям – айдай»)

Мысалға алынған ән-өлеңдерден құр сүйіспеншілік, «сүйдім-күйдім» деген құрғақ көлгірсу емес, ақын жүрегінің түкпіріндегі әлдеқандай өкініш, мұң, зар-запыран, күйініштің табын аңғару аса қиынға соқпайды. Ол өкініш, мұң, ыза-кек өз заманы, өз ортасына деген риза болмаушылықтан туындағаны сөзсіз. Кешегі қазақи ғұрып ортасынан шыққан әнші-ақындар жанына мына өтпелі кезең дәстүрі бірден сіңісе қоймайды. Екі жақты қарсылық туындады. Әйтпесе, айтылмыш

өнерпаздардың біз ойлағандай көңілді күйден туындап жатқан бақытты сезімге бай шығармалары:

Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын,
Болсам да малға кедей, тілге баймын.
Күніне жүзді беріп, мыңды алсам да,
Қалтамның түбі тесік байымаймын.
(Шашубай «Ақ қайың»)

Сәлем де мұнан барсаң Мәрияға,
Тәуекел салдым қармақ дарияға.
Айдалып бара жатып Сібір жаққа,
Өні екен Тәуке салған жәрияға.
(Тәуке Саптаяқұлы «Ел қайда?»)

Басында Шұбартаудың боз бетеге,
Бақанас, Байқошқарға жер жете ме?
Тағдырдың талқысынын кезіп жүрмін,
Әйтпесе туған жерден ер кете ме?
(Уәйіс Шондыбаев «Бозқараған»)

Қарап отырсақ, әлгіде ғашықтық ғаламатын тілге тиек еткен әнші-ақындар енді ашу-ызаға толы, іштегі мұң-шерін өлеңмен ақтарып, жан түкпіріндегі айқай-үнін жария ететін көркем дүниеге себепсіз ойыспаса керек еді.

Заман өзгерісін бірден жан әлеміне сіңіре алмаған, қолдан келер қайран да түгесілген «дала әртістері» енді бірде тәңір-табиғат пен оның қойнауындағы тамашаларын жанға медет тұтады. Жұбанышты солардан табатындай болады. Романтик әншілердің мұндай тұтастығы ән-өлеңдері мынандай мазмұнда болып келеді:

Қол басқарып жағаңда,
Желбіретіп ту алған.
Алқабында сан жортып,
Майданда талай сыналған.
Қош-есен бол, Ақбұлақ,
Енді сені көре алман.
(Сегіз сері «Ақбұлақ»)

Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл

Қаңғытқан екеумізді патша құрғыр.

Айрылып ел мен жерден жүрген шақта

Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр.

(Кенен «Бұлбұлға»)

Әнші-ақындар шығармашылығын осылайша ой сүзгісінен өткізер болсақ, олардың шығармаларынан айқын аңғарылатын көркемдік әдіс – романтизм. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қоғамдық ортаға разылығы болмаған олар өз идеалдарын ұстанды. Ол идеал махаббат, жастық дәурен, табиғат, туған жер еді. Демек, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі романтизм қырларын сөз еткенде осынау «дала әртістерінің» туындыларын қағаберіс қалдырмауға тиіспіз.

XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген әншілік, ақындық т.б. қасиеттерді қатар меңгерген өнерпаздарды әнші-ақындар деп айрықшалағанымыз жөн. Өйткені, бұларды салдар мен серілерге жақындастыратын да, өзгешелейтін де белгілер бар. Біржанды сал, Ақанды сері дейміз. Ал, Ыбырай, Жаяу Мұса, Иманжүсіп, Естай, Әсет, Тайжан, Шашубай т.б. сияқты өнерпаздарға сал, я болмаса сері деген атақты үнемі қосарлай атамаймыз. Халық ақындары, айтыскер деп және айдарлай алмаймыз. Өйткені, бұлардың әншілік қуаты басым. Әрі синкретті өнер иесі екендігі, дәлірек айтсақ, әншілік-ақындық, артистік, күлдіргіштік, жанглерлік т.б. қасиеттерді бір бойына сыйғыза алған мол мүмкіндіктері де оларды оқшаулайтын белгі. Аталған белгі сипаттары (ел аралау, өзіндік сән-салтанатпен жүруі, сан қилы өнерді меңгеруі т.б.) оларды салдар мен серілер үлгісінің заңды жалғасы екендігін, солармен тамырлас екендігін танытады.

Қоғам дамуында болып жатқан тарихи-әлеуметтік өзгерістер әнші-ақындар шығармашылығына ықпал етті, түр, мазмұндық жағынан өзгешеліктер енгізді. Алдымен, әндетіп, әлеміш киім киіп, әбес мінездер көрсету жараса беретін сал, серіліктің белгілерін бертіндегі қоғамдық орта психологиясы, жаңа дәуір адамдарының таным-түйсігі түгелдей қабылдай бермеді. Өнерпаздар енді ортаға бейімделді.

Екіншіден, әнші-ақындар шығармаларының дені ғашықтық ғаламатын, бозбалалық аңсар мәселелерін сөз етті. Алайда сауық құрып, сүйіспеншілік мәселелерін ғана шиырлай берді десек қателесетіндігімізді де жоғарыда сөз қылдық.

Әнші-ақындарымыздың әлеуметтік мәселелерді де сөз ете кететін тұстары бар. Мәселен: Біржанның «Жанботасы», Ақанның «Құлагері», Жаяудың «Ақ сисасы», Мәдидің әндері әлеуметтік мәселелермен әдіптелгенін ажырату қиын емес. Бұл өлеңдерде сол кезеңдегі әділетсіздік жайлаған әлеуметтік ортаға деген ашық қарсылығы, күрескерлік әрекеттері айқын аңғарылады.

Құғында жас күнімнен жүрген жанмын,

Қызығын бір көре алмай атқан таңның.

Қалайша дәтің шыдап тұра аласың,

Қысымын көре тұра қас дұшпанның?

(Мәди «Шіркін-ай»)

Үш жүзге атым мәлім Жаяу Мұса,

Жүрмейді кімдер жаяу зорлық қылса.

Аттыдан жаяу жүріп кек аламын,

Жігіттер, шамаң келсе маған ұқса.

(Жаяу Мұса «Ақ сиса»)

Мұндай оң өзгерістердің себептері белгілі, ол – XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи оқиғалар, әділетсіздік билеген қоғамдық орта. Сондай-ақ «әннің де естісі бар, есері бар» деп биік талғам тұғырынан қараған Абай өнегесінің де ықпалы орасан зор.

Өнші ақындарымыз жайлы сөз еткенде «әсіресе музыкамыз бен сөз өнеріміздің XIX ғасырда кемерінен аса ақтарылып, халқымыздың рухани әлеміндегі ренесанстық мәнге ие болғанын» айырықша айтуымыз керек. Кемелденуі сондай, қазақ даласында өзіндік бітім-қасиеттерімен ерекшеленетін бес әншілік мектеп қалыптасты. Олар: орталық, солтүстік өңір әншілігі, оңтүстік, Жетісу аймағындағы әншілік, Қазақстанның батысындағы мектеп, Сыр термеші-әншілер, шығыс Қазақстан, Баян Өлке, Шығыс Түркістан әншілері мектебі. Соның ішіндегі іргелісі – Қазақстанның орталық, солтүстік өңірінде қалыптасқан, Біржан жаңашылдығымен, Абай өнегесімен қанаттанған әншілер мектебі.

КАУНАҚÇA

AYMAUIBITOV J., (1989), **Magjannın Akındığı Turalı**. Magjan Jumabaev. Şıgarmaları, Almatı: «Jazuşı».

Akındar Jırı (1963), Almatı: KazSSR GA baspası.

AUEZOV M., (1991), **Edebiet Tarihi**, Almatı: «Ana tili».Vedenie v filosofiiü.

V 2-h çastah (1989), Çastı II, Moskva: «İzd. polit. lit.».

DEUKENOV I, (1960), “Hallk Akını D. Elimbaev”, Sovettik Karagandı gazeti,

Kazak Edebietinin tarihi, (1939)I Tom. Birinşi kitap Almatı.

KASKABASOV S., (1992), **Kollbei İskusstva**, Almatı: «Oner».

Kazak Edebietinin Tarihi, (1960), I tom, Birinşi kitap, Almatı. SIDİKOV K. (1974), Akın jıraular, Almatı: «Filim».

ISMAYLOV E., (1968), **Edebiyet Jaylı Oylar**, Almatı: «Jazuşı».

ISMAYLOV E., (1956), **Akındar**, Almatı: «Kazmemkөрkemәdebbas».

TURSINOV E., (1976), **Kazak Auız Edebietin Jsauşllardın Baylıgı Ekilderi**, Almatı: